

Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің Қызыл бұлақ, Кереге-тас, Көлдай учаскелеріне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 26 тамыздағы № 371 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 07 қазанда № 3496 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 721 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 30.12.2015 № 721 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап күшіне енедә және қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағы 18) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2014 жылғы 14 шілдедегі № 368 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің Қызыл бұлақ, Кереге-тас, Көлдай учаскелерінде мүйізді ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.Жақаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің
міндетін атқарушы*

С. Жақаев